

Жоспар

Кіріспе.....	3
1.1. Қаржылық бақылаудың мәні мен мазмұны.....	5
1.2. Қаржылық бақылаудың сыныптағамасы.....	8
1.3. Аудиторлық бақылау.....	11
2.1. Қаржылық бақылауды ұйымдастыру.....	16
2.2. Қаржылық бақылауда қолданылатын әдістер.....	21
3.1. Мемлекеттік қаржылық бақылау: шетел тәжірибесі.....	24
3.3. Қазақстандағы екі деңгейлі мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесі.....	25
Қорытынды.....	27
Қолданылған әдебиеттер тізімі.....	28

Кіріспе

Бірінші бөлім:

- 1.1. Қаржылық бақылаудың мәні мен мазмұны
- 1.2. Қаржылық бақылаудың сыныптағамасы
- 1.3. Аудиторлық бақылау

Екінші бөлім:

- 2.1. Қаржылық бақылауды ұйымдастыру
- 2.2. Қаржылық бақылауда қолданылатын әдістер

Үшінші бөлім:

- 3.1. Мемлекеттік қаржылық бақылау: шетел тәжірибесі
- 3.2. Қазақстанның екі деңгейлі мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесі

Қорытынды

Қолданылған әдебиеттер тізімі

Кіріспе

Нарықтық қатынастардың құрылымында да, мемлекет тарапынан оларды реттеу механизмінде де қаржы зор рөл атқарады. Қаржы – нарықтық қатынастардың құрамды бөлігі және мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың құралы. Бұл орайда қаржының әлеуметтік-экономикалық мәнін түсіне білудің, оның іс-әрекет етуінің өрекшеліктерін терең ұғынудың, Қазақстан экономикасын ойдағыдай дамыту мақсатымен қаржы ресурстарын неғұрлым толық және ұтымды пайдаланудың әдістері мен амалдарын көре білудің маңызы зор.

Қаржы – қоғамдық өнімді жасау мен пайдалану арасындағы байланыстырушы бұйым.

Қаржы – жалпы ішкі өнім мен ұлттық табысты бөлудің, қалта бөлудің экономикалық тетігі және ақша қорларын жасау мен пайдалануға бақылау жасаудың құралы.

Қаржының мәні, іс-әрекет механизмі және рөлі оның функцияларынан айқын көрінеді. Қаржының мәнін толық ашу оның ұғымы мен қажеттігін ғана емес, сонымен бірге қаржының қоғамдық арналымын, яғни оның функцияларын анықтауды талап етеді.

Қазіргі уақытта қаржының белгішілік және ұдайы өндірістік тәрізді екі тұжырымдамасы танылып отыр. Коммерциялық есеп пен маркетинг операцияларын жүзеге асыруға байланысты болатын қаржының бақылау функциясын барлық ғылыми тұжырымдамалардың өкілдері мойындайды. Қаржының бұл функциясы экономикалық категория ретіндегі қаржыға тән қасиет және қаржының не бірінші, не екінші функциясымен бір мезгілде жүзеге асады. Бақылау функциясы мазмұнының нақтылы көрінісі мемлекеттің қаржы саясатын жүргізетін қаржы органдары қызметінің барысында іске асады.

Бақылау функциясы қаржының белгішілік функциясынан тұрдайы және жиынтық қоғамдық өнімді, ұлттық табысты және таза табысты тиісті ақша қорлары бойынша бөлуге және оларды мақсатты жерлерге бақылау жасаудан көрінеді. Егер қаржының мәні, табиғаты және мазмұны, бір жағынан, жиынтық қоғамдық өнімнің, ең алдымен, таза табыстың бір бөлігінің қозғалысымен, оны бөлуден, ақша қорларын жасаумен және материалдық өндіріс процесінде ұлғайтпалы ұдайы өндіріске бағыттаумен және басқа жағынан, мемлекеттің орталықтандырылған ақша қорларын

жасаумен байланысты болса, қаржының бақылау функциясы да тиісті түрде материалдық өндірістің бүкіл ұдайы өндірістік процесіне де, сондай-ақ мемлекеттің ақша ресурстарының орталықтандырылған қорын қалыптастыру және пайдалану процесіне де қызмет етеді. Қаржының екі функциясының диалектикалық бірлігі мен өзара байланыстығы осында.

Бақылау функциясы қаржылық бақылауда – жалпы ішкі өнімді тиісті қорларға бөлуге және оларды мақсатты арналым бойынша жұмсауға бақылау жасауда көрінеді.

Бақылау сандық түрде қаржы ресурстарының қозғалысы арқылы жиынтық қозғалыс өнімді бөлумен және қайта бөлумен байланысты болатын экономикалық процестерді бейнелейді. Сонымен бірге нақты нысандары қаржы ресурстардың қозғалысы жиынтық қозғалыс өнімді құндық бөлу процесіне мемлекет тарапынан бақылау жасаудың негізі болып табылады. Мұндай бақылаусыз экономиканың теңгерімді дамуының қамтамасыз етілуі мүмкін емес.

Қаржының бақылау функциясының экономикалық мағынасы кәсіпорынның, фирманың шаруашылық-қаржы қызметіне теңгемен бақылау жүргізу.

Қаржы мәселесі көріндегі заңнамалардың бұлжымастан сақталуы, мемлекеттік бюджет, банк алдындағы қаржылық міндеттемелердің, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші субъектілердің есептесу және төлемдер жөніндегі өзара міндеттемелерінің дер кезінде және толық орындалуын тексеру қаржылық бақылаудың аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Қаржының бақылау функциясын жүзеге асырудың нысаны қаржылық көрсеткіштерді білдіретін қаржы ақпаратты болып табылады.

Ұдайы өндіріс процесіндегі қаржының бақылау функциясының рөлі қаржылық тәртіп арқылы жүзеге асуымен және оның жай-күйімен, белгіленген нормалар мен нормативтердің сақталуымен, қаржылық міндеттемелердің орындалуымен байланысты болуы мүмкін. Қаржылық тәртіп оны бұзушыларға қаржы санкцияларын қолдана отырып мемлекеттік парызды сақтауға негізделген.

Қаржының бақылау функциясы қаржы органдарының сан қырлы қызметі арқылы жүзеге асырылады. Қаржы жүйесі мен салық службасы қызметкерлері қаржылық бақылауды қаржыны жоспарлау процесінде, бюджет жүйесінің кіріс және шығыс бөлігінің атқарылуы кезінде жүзеге асырылады. Нарықтық қатынастардың дамуы жағдайында бақылау жұмысының бағыттары, қаржылық бақылаудың нысандары мен әдістері айтарлықтай өзгерді.

Мен курстық жұмысты осы тақырыпқа жазуымның себебі нарық қатынастары жағдайында қаржылық бақылаудың даму тенденциясын анықтап, толық түсінуді мақсат тұтқандым. Осы мақсатпен курстық жұмысты үш бөлімге бөліп қарастырдым. Бірінші бөлімде қаржылық бақылаудың мәні, іс-әрекет сферасы жайы мәліметтер және бақылаудың сыныптамасы, соның ішінде аудиторлық бақылауды барынша қамтуға тырыстым. Екінші бөлімде қаржылық бақылауды жүргізгенде қолданылатын әдістер мен бақылауды іске

асыратын мемлекеттік органдар туралы, олардың атқаратын қызметтері туралы баяндалған. Үшінші бөлімді шетелдердегі, атап айтқанда АҚШ, Германия және Ресей Федерациясының мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесінің құрылымын талдауға арнадым. Және де салыстырмалы түрде Қазақстандағы мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесінің қазіргі жағдайын жеке талдаудыңмен көрдім.

I бөлім

1.1. Қаржылық бақылаудың мәні мен маңызы

Қаржылық бақылау деп әдетте тиісті ақша қорлары бойынша ұйымдық жалпы ұлттық өнімді құндық бөлу және оларды белгілі бір мақсаттарға жұмсаудың негізділігін тексеруге бағытталған айрықшылық қызметті айтады.

Қаржылық бақылау қаржыны басқарудың функционалдық элементтерінің бірі, ол басқарудың басқа элементтерімен тығыз байланысты және бір мезгілде жүзеге асырылады.

Қаржылық бақылаудың болуы экономикалық категория ретінде қаржыға бақылау функциясының тән болуымен объективті түрде шарттасыпған. Бұл функция арқылы қаржы бөлудің қалыптасып отырған үйлесімі, қорлардың ара салмағы, оларды қалыптастыру көздері, пайдаланылуы туралы ескертіп отырады. Қаржының бақылау функциясы материалдық игіліктерді өндіру, айырбастау, бөлу және тұтыну процесіне қоғам, ең алдымен мемлекет тарапынан ықпал жасауға мүлкіндік береді. Бірақ бұл мүлкіндік тек ұйымдық қатынастарға ғана адамдардың қатысуымен, мынадай белгілі бір шарттардың кезінде: бақылаудың айрықша органдарын құрғанда; оларды білікті мамандармен толықтырғанда; бұл органдардың құқықтарын реттегенде шындыққа айналады.

Сөйтіп, бақылау функциясы қаржыны бақылаудың құралы ретінде пайдалану үшін объективті жағдай жасайды, ал оны саналы түрде қолдану қоғамдық өндірісте қаржының іс-әрекет ету барысында жүзеге асырылады. Егер қаржы экономикалық базистік қатынастарды, яғни өндірістік қатынастардың бір бөлігін білдірсе, қаржыны басқару элементтерінің бірі ретінде қаржылық бақылау қордырмалық категория болып табылады. Практикада қаржының бақылау функциясы қаржылық бақылау нысанында жүзеге асырылады, бірақ бұл ұғымдарды бірдей деуге болмайды.

Бақылау функциясы – қаржының ішкі қасиеті, ал қаржылық бақылау қаржыға тән объективті мазмұн ретіндегі бақылау функциясын практикалық қолдану болып табылады.

Ғылыми негізделген қаржы саясатын, тиімді қаржы механизмін қалыптастыруға жәрдемдесу қаржылық бақылаудың мақсаты болып табылады. Қаржылық бақылаудың көмегімен қаржы жоспарларының орындалуы, қаржы-шаруашылық қызметінің ұйымдастырылуы тексеріледі.

Басқа жағынан, қаржылық бақылаудың нәтижелілігі қаржылық жоспарлауда, оперативті басқаруда пайдаланылады.

Қаржылық бақылаудың өзгешелігі – оның ақша нысанында жүзеге асырылатындығында. Табыстар мен мұраландардың қалыптасу процесі, ақша қорларын құру және пайдалану оның тікелей объектісі болып табылады. Алайда, қаржылық бақылаудың іс-қимылы ақша қатынастарының аса кең аяғына таралады, өйткені қаржы басқа экономикалық категориялармен: еңбекпен, өнімнің өзіндік құнымен, табыспен, пайдамен, өндірістік құрал-жабдықтармен (негізгі, айналым капиталымен), күрделі жұмсалымдармен, инвестициялармен тығыз байланысты. Ал мекемелер мен ұйымдардың бюджет қаражаттарын дұрыс пайдаланылуын бақылау олардың барлық жағын – желі мен контингенттерді ерістетудің толықтығын, қаражаттарды жұмсаудың белгіленген нормаларын сақтауды қамтиды.

Қаржылық бақылаудың іс-әрекетінің сферасы бақылаудың басқа түрлерімен: әкімшілік, құқықтық, әлеуметтік, техникалық, саяси бақылаумен жиі тура келуі мүмкін. Шаруашылық ұйымдардың қаржы жағы шаруашылық қызметпен тығыз байланысты болатындықтан қаржылық бақылауды шаруашылық бақылаудың бөліп алу қысқаса түседі, ал кейде мүлдем болмайды, өйткені қаржы операцияларының көбінде шаруашылық қызметтің басқа процестері қамтып көрсетіледі.

Бақылауды жүзеге асырудың негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

1. бақылаудың реттілігі, жалпайымшылығы, әмбебаптылығы;
2. бақылаудың превентивтілігі, яғни оның алдын алу сипаты;
3. әрекеттілік, нақтылық, жариялылық – бұларға бақылау жұмысын дұрыс ұйымдастырғанда, негізделген әдістерді қолданғанда, істі ұқыпты зерделегенде, нақты ұсыныстар енгізгенде ғана жетуге болады;
4. бақылаудың алаламаушылығы (біреуге тартпаушылық);
5. бақылау органдары қызметкерлерінің тәуелсіздігі.

Қаржылық бақылаудың мазмұны ашып атын негізгі міндеттеріне мына төмендегілер жатады:

- мемлекет, ұйымдар және халық алдындағы қаржылық міндеттемелердің орындалуын тексеру;
- шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаралағындағы ақша ресурстарын (бюджет және меншікті қаражаттарды, банк кредиттерін, бюджеттен тыс қаражаттарды) пайдаланудың дұрыстығын тексеру;
- қаржы операцияларын, есеп-қисаптарын жасау және шаруашылық жүргізуші субъектілердің ақша қаражаттарын сақтау ережелерін орындауын (сақтауын) тексеру;
- өндірістің ішкі резервтерін – шаруашылық рентабелділігін арттырудың, еңбек өнімділігін өсірудің, айналым активтерінің айналымдылығын тездетудің, материал және ақша қаражаттарын неғұрлым тиімді әрі үнемді пайдаланудың мүмкіндіктерін ашу;

• қаржы тәртібін бұзудың жою және ескерту. Олар ашық жағдайда ұйымдарға, лақаулы адамдарға және азаматтарға белгіленген тәртіппен ықпал етудің шаралары қолданылады, мемлекет пен ұйымдарға келтірілген залалдың орнын толтыру қамтамасыз етіледі.

Қаржы тәртібі – бұл белгіленген ұйымдардың және мемлекеттің, оның шаруашылық жүргізуші субъектілерінің ақша қорларын жасаудың, бөлудің және пайдаланудың тәртібін айқын сақтау.

Қаржылық бақылаудың міндеттерін, олардың түрлерін, нысандары мен әдістерін, субъектілері мен объектілерін бақылауды жүзеге асырудың деңгейіне қарай қарастырған жөн, жәні ол микро немесе макродеңгейде жүргізіледі.

Макродеңгейдегі қаржылық бақылау – бұл бүкіл мемлекет ауқымында қаржыны ұйымдастыру мен оның іс-әрекет етуін бақылау. Оның міндеттері мыналар болып табылады:

• ақшалай қаражаттардың орталықтандырылған қорларын қалыптастырып, тиімді пайдалану процесін қамтамасыз ету;

• қаржы қатынастарын істе асырудың қолданылып жүрген нысандары мен әдістерінің объективті қажеттіліктеріне нысандар мен әдістердің сай келуін бақылау;

• қаржы ресурстарын неғұрлым тиімді пайдалану, салалар мен аймақтардың қаржы ресурстарына деген қажеттілігін оптималды түрде және саралай отырып қанағаттандыру, азаматтардың әлеуметтік-мәдени сферасының қызметтеріне деген қажеттіліктерін барынша қанағаттандыру мақсатында оларды салалар мен аумақтар бойынша бөлудің алшақтықтарын анықтап, жою және басқалары.

Бұл деңгейде мемлекеттік қаржылар бақылаудың объектісі болып көрінеді.

Құрама қаржы жоспарлары (сметалары), аумақтық, салалық тұрғыда олардың атқарылуы туралы есептер бақылаудың пәні болып табылады. Әр түрлі қаржылық көрсеткіштер және жоспарлардың (сметалардың) және есептердің бірқатар өндiргiштік көрсеткіштері талданады, жинақтап қорытылады және осының негізінде қаржы қатынастарының нысандары мен әдістерін жетілдіру жөнінде ұсыныстар жасалады.

Бипіктің заң шығарушы органдары мен басқарудың мемлекеттік органдары бұл деңгейде бақылау субъектілері болып келеді.

Микродеңгейдегі қаржылық бақылау – меншіктің барлық нысанындағы шаруашылық жүргізуші субъектілер деңгейіндегі бақылау.

Микродеңгейдегі қаржылық бақылаудың міндеттері:

1. кәсіпорындардың қаржы саласындағы қолданылып жүрген заңдардың сақталуын қамтамасыз ету;
2. шаруашылық жүргізуші субъектілердің бюджет алдындағы міндеттемелерін орындауының дер кездігі мен толымдылығын қамтамасыз ету;
3. қаржы ресурстары өсуінің ішкі өндірістік резервтерін табу;

4. ресурстардың барлық түрлерін ұтымды пайдалануға, бұзғалттарды есептідірыс жүргізуге, есептеле жасауға және басқаларға жәрдемдесту.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы-шаруашылық қызметі бұл деңгейде бақылаудың объектісі, ал қаржы көрсеткіштері (табыс, пайда, өзіндік құн, аударымдар мен салықтар және басқалары) оның іші болып табылады. Қаржылық бақылауды кәсіпорындардың экономикалық қызметі, оның жеке мамандары жүзеге асырады. Бұл мақсатқа тәуелсіз аудиторлық ұйымдар да тартылады.

Қаржылық бақылау нарықтық қатынастар жағдайында айтарлықтай өзгерістерге ұшырауда. Жаңа экономикалық өзара қарым-қатынастар қаржы операцияларың, әр түрлі мәмілелерді үнемі тексеруді, қадағалауды жақтырмайды. Тегіс қамтитын бақылау қалыпты нарықтық қатынастарға тежеуші болып келеді. Бірақ өтпелі кезеңнің қиыншылығы қоғам үшін қолайлы бағытта қаражаттар ағынының қозғалысын басқаруды және бақылауды ысырап етеді. Бұл жағдайда қаржы тәртібін, қаржы заңнамасын бұзудың тенденциялары күшейеді, мемлекеттік меншікті пайдалану жөніндегі қиыншылық жаңалайды. Сондықтан қаржылық бақылау шаруашылық өмірдегі кез келген келеңсіз жәріністерге берік тосқауыл болуы тиіс. Мемлекет қоғамдық мүдделерді, әлеуметтік әділдікті қорғай отырып, қаржының бақылау функциясының мүмкіндіктерін реттеудің құралы ретінде пайдалана отырып, ұдайы өндіріс, бөлу процестеріне араласуы, қаржылық бақылаудың нысандарың, әдістерін және оны ұйымдастыруды жетілдіріп отыруы тиіс.

1.2. Қаржылық бақылаудың сыныптамаcы

Қаржылық бақылаудың сыныптамаcы субъектілердегі айырмашылықтарға, бақылау іс-қимылдарын жүргізудің уақытына, бақылауды жүргізудің тәсілдеріне (әдістеріне) негізделген. Осы белгілерге қарай қаржылық бақылау үш бағыт бойынша: түрлері, нысандары, оны жүзеге асыру әдістері бойынша жіктеледі.

Қазақстан Республикасының қазіргі қаржылық бақылау жүйесі оны жүзеге асыратын субъектілеріне (бақылауды жүзеге асыратын органдарға немесе ұйымдарға) қарай мемлекеттік, қоғамдық және аудиторлық бақылау болып ажыратылады.

Қаржылық бақылаудың түрлері бойынша сыныптамаcы

Қаржылық бақылау		
Мемлекеттік		Қоғамдық
Жалпы мемлекеттік	Бедолстволық	Қоғамдық ұйымдардың: кәсіпорындардың, партыялардың, жастардың, бұқаралық
	Ішкі шаруашылық	

Парламенттік (депутаттық) бақылау	қозғалыстардың, ғылыми-техникалық, мәдени-ағартушылық, спорт, шығармашылық, ардагерлердің, түрлі қорлардың бақылауы
Аудиторлық бақылау	

Мемлекеттік қаржылық бақылау жалпымемлекеттік және ведомстволық бақылау арқылы жүзеге асырылады.

Жалпымемлекеттік қаржылық бақылау ведомстволық бағыныштылығы мен меншік нысанына қарамастан бақылаудың кез келген объектісіне қалданылады. Бақылаудың бұл түрін мемлекеттік бюджет пен басқару органдары жүргізеді.

Мемлекеттік қаржылар жүйесінде бақылау салықтық, бюджеттік бақылау, сақтық және банктік қадағалау, кедендік бақылау және тағы басқа болып ажыратылады.

Салықтық бақылау салық заңнамасының атқарылуы, бюджетке салық және басқа төлемдердің, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарының толық және дер кезінде аударылуын қамтамасыз етеді. Салықтық бақылаумен меншік нысандарына қарамастан, барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер, сондай-ақ табыс табатын азаматтар қамтылған.

Бюджеттік бақылау тексерістік және талдамалық (аналитикалық) қызметтің мынадай түрлерін қамтиды: елдің негізгі қаржы жоқтарының – мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстары бойынша орындалуын бақылау; қаржылық ақпаратты, соның ішінде салықтық бақылаудың нәтижесін жинау, бұл ақпаратты талдау және бюджетке қаржы ресурстарын қосымша тарту жөнінде ұсыныстар жасау; шығындардың белгіленген нормалары мен нормативтерін бақылау арқылы мемлекеттік бюджет қаражаттарының тиімді, ұтымды жұмсалуды қамтамасыз ету; өндірістік емес, мақсатсыз шығындарды, несіздікті, ығыраптар мен ұрлықтарды жою және одан сақтандыру. Бюджеттік бақылау бюджетпен қаржыланатын мемлекеттік кәсіпорындарда, мекемелерде және ұйымдарда, сондай-ақ мемлекеттік емес сектордың жұмыс жасайтын, қызмет көрсететін, шаралар жүргізетін кәсіпорындарында жүзеге асырылады.

Банктік қадағалау кредит ресурстарын қалыптастыру және олардың қозғалысы барысында, күрделі құрылыс процесінде, кәсіпорындардың қасалық тәртіпті сақтауын тексеру кезінде, нақты ақшасыз есеп айырысқанда және басқа жағдайларда жүргізіледі. Банктік қадағалаумен (бақылаумен) кредит-есеп-қисап қатынастарына қатысты барлық шаруашылық субъектілер қамтылған.

Сақтандыру сферасындағы қаржылық бақылау сақтық қорлар қаражаттарының дер кезінде, толық қалыптасуын, мақсатты жұмсалуды, сақтық операцияларының дұрыс жүргізілуін, сақтандыру туралы заңнаманың талаптарын сақтық қатынастарға қатысушылардың барлығының орындалуын жүзеге асырады.

Кеден органдары тауарлар мен көлік құралдарың, оларды есепке алуы кедендік ресімдеу кезінде де, сондай-ақ кедендік тексермеде де құжаттар мен мәліметтерді тексеру нысанында кедендік бақылауды жүргізеді, олардың тауарлар мен көлік құралдарын кеден шекарасы арқылы орналастыратын субъектілердің қаржы және сыртқы экономикалық қызметін тексеруді белгілеуге немесе жүргізуге құқы бар.

Барлық өкілетті органдар қаржылық бақылауды тиісті бюджеттік жобасын және оның атқарылуы туралы есепті жыл сайын сессияларда қараған кезде жүзеге асырылады. Өкілетті органдардың жоспар-бюджет және салалық тұрақты комиссиялары маңызды бақылау функцияларын орындайды, олар алдын ала, сессияға дейін бюджеттік жобасы мен оның атқарылуы туралы есепті қарайды.

Үкімет, жергілікті әкімшіліктің аппараты оларға қарасты органдардың бақылаушылық, соның ішінде қаржы-кредиттік қызметті ғана бағалап қоймайды, сонымен бірге өздері де тікелей қаржылық бақылауды жүзеге асырады. Республика үкіметі мемлекеттік бюджеттің жасалуы мен атқарылуын бақылап отырады, мемлекеттің қаржылық саясатын жүзеге асырады. Өздерінің өкілеттілеріне қарай бақылау функцияларын жергілікті жердегі атқарушы органдар орындайды.

Ведомстволық қаржылық бақылау жеке министрліктің, ведомствоның өкілдіктері шегінде олардың жүйесіне кіретін шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы-шаруашылық қызметіне жүргізіледі. Оның негізгі міндеттеріне мыналар жатады: жоспарлы тапсырмалардың орындалуын, материал және қаржы ресурстарын үнемді пайдалануын, меншіктің сақталымдығын, бухгалтерлік есептің дұрыс қойылулығын, бақылау тексеріс жұмысының мән-жайын бақылау, қысқандық, ысырапқорлық және нысапсыздық фактілерін бұлтартпау.

Ведомстволық бақылау шеңберінде ішкі шаруашылық бақылау, яғни нақтылы шаруашылық жүргізуші субъектілерде (фирмаларда, ұйымдар мен мекемелерде) жүзеге асырылатын бақылау жүргізіледі. Бақылау функциялары бұл жағдайда қаржы-шаруашылық қызметінің қажетті шарты ретіндегі оның күн сайынғы процесімен байланысты. Бақылаудың бұл түрі өндірістің бастапқы буындарының өндірістік капиталды, қаржы ресурстарын тиімді пайдалануға жауаптылығын арттыруға жәрдемдеседі, ысыраптарды, қаржы тәртібінің әр түрлі бұзылуларын азайтуға бағытталған.

Ішкі шаруашылық бақылаудың мақсаты есеп саясатын да қоса алғанда, субъектінің экономикалық саясатының сақталуына сарапшылық баға беру, оның барлық құрылымдары жүзеге асырып келген ішкі бақылаудың жұмысына баға беру болып табылады. Таза бақылау сипатындағы міндеттерден еште ішкі шаруашылық бақылау қаржы стратегиясын талдап жасау, экономикалық диагностика, маркетингтік зерттеулер, басқарушылық кеңестер міндеттерін және басқаларын шешеді.

Нарықтық қатынастар жағдайында ішкі шаруашылық бақылау оның бұрынғы ұғымысындағы өзінің мағынасын жоғалтып барады: оның орнын мемлекеттік кәсіпорындарда шаруашылық есеп ынталандырмалары және

меншіктің басқа нысандарының кәсіпорындарда коммерциялық, ынталандырмалар басуы тиіс. Шаруашылық есеп, коммерциялық есеп әр түрлі бұзулардан сақтануға көбірек көгілдік береді, өйткені жетістіктердегі қызметкердің, кәсіпкердің және ынталылығы өзін-өзі бақылаудың қажеттігін керек қыпмайды.

Жүргізу нысандары мен уақытына қарай қаржылық бақылау: алдын ала бақылау, ағымдағы және кейінгі бақылау болып бөлінеді. Бақылаудың мұндай нысандары бақылаушы органдардың көбісінің қызметіне тән.

Қаржылық алдын ала бақылау ақшалай қорларды жасау, бөлу және пайдалану жөніндегі операциялар істелінгенге дейін жүргізіледі, сондықтан оның қаржы тәртібін бұзуды алдын ала ескертуде зор маңызы бар. Бұл жағдайда бекітуге және орындауға жататын қаржы қызметін жүзеге асырудың негізі болып табылатын құжаттар – бюджеттердің, қаржы жоспарлары мен сметалардың жобалары, кредит және касса өтінімдері және тағы басқалар тексеріледі.

Ағымдағы қаржылық бақылау қаржы жоспарларының атқарылу процесінде, шаруашылық-қаржы операцияларын жүзеге асыру барысында тауар-материал құндылықтары мен ақша қаражаттарын жұмсаудың нормалары мен нормативтерінің сақталуын қадағалайды, қаражаттарды жіберу шығындарының орындалуына, бұрын берілген ресурстардың пайдаланылуына сәйкес келуін тексереді. Сөйтіп, бұл бақылау шаруашылық-қаржы операцияларының жасалу процесінде жүзеге асырылады.

Кейінгі қаржылық бақылау – қаржы операцияларын жасағаннан кейін (бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінің орындалуынан кейін, шаруашылық органдардың ақша қаражаттарын пайдаланғаннан кейін және тағы басқа) жүргізілетін бақылау және алдын ала бақылау мен ағымдағы бақылау кезінде анықталмаған бұзушылықтарды ашуға жетелейді.

1.3. Аудиторлық бақылау

Қаржылық бақылауды жетілдірудің аса маңызды бағыттарының бірі қаржылық бақылаудың тәуелсіз нысаны – аудиторлық бақылауды дамыту болып табылады. Бұл мемлекеттік емес шаруашылық органдар санының көбеюімен және тиісінше қаржы, бақылау, есеп санында қызметтің сан алуан түрлерінің өсуімен байланысты болып отыр. Аудиторлық бақылау – тәуелсіз аудиторлық фирма мен шаруашылық жүргізуші субъектілер иелерінің жасасқан келісім шарты негізінде қаржы-шаруашылық қызметінің жағдай-күйін тексеру.

Нарықтық реформалардың тереңдей түсуі жағдайындағы қаржылық бақылау жүйесінің ажырағысыз бөлігі аудиторлық бақылаудың негізгі мақсаты кәсіпорындардың, фирмалардың, ұйымдардың бухгалтерлік (қаржылық) есебінің дұрыстығын белгілеу, олардың ақпараттық жүйелерінің сенімділігін бағалау. Аудиторлық жұмыста талдамалық және сараптамалық болжам қызметіне үлкен мән беріледі, ол талсырыс берушілерге өздерінің

іскерлік саясатының тиімді стратегиясы мен тактикасын жасауға мүмкіндік береді.

Аудиторлық бақылау – ведомстводан тыс тәуелсіз қаржылық бақылау. Оны біліктік комиссиясы аттестаттаған «аудитор біліктілігін берілуі» туралы куәлік алған жеке тұлға да, сондай-ақ ашық үлгідегі акционерлік қоғам да, өндірістік кооператив пен мемлекеттік кәсіпорынды қоспағанда, аудиторлық қызметті жүзеге асыру үшін кез келген ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған коммерциялық аудиторлық ұйым да жүргізе алады.

Аудиторлық палата коммерциялық емес, тәуелсіз, кәсіби, өзін-өзі басқаратын және өзін-өзі қаржыландыратын ұйым болып табылады.

Қазақстан Республикасының аудиторлар палатасы жалғыз ұлттық қабылданған, бұқаралық, кәсіби аудиторлық ұйым болып табылады. Бұл ұйым 1993жылы «Қазақстан Республикасының аудиторлық қызметі туралы» заңның қабылдануына сәйкес құрылған және әділет министрлігінде ұйымдық бірлестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында тіркелген. 1998жылы «Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының жаңа заңы қабылданды. Соған сәйкес аудиторлар палатасы 1999жылдың наурыз айында тәуелсіз ұйымдық-құқықтық нысанындағы «Қазақстан Республикасының аудиторлар палатасы» болып қайта тіркелді.

Бүгінгі күні оның құрамына 93 аудиторлық фирма, 372 және тұлғалар кіреді. Аудиторлар палатасының өз эмблемасы мен жалауы бар. Палатаның жоғарғы органы – аудиторлардың Республикалық конференциясы, ал қызмет етуші органы – аудиторлар палатасының кеңесі болып табылады. Палатаның президенті, оның құрылу күнінен бастап бүгінгі күнге дейін – Көшкімбаев Сапар Хайсаханович, ол №0001 біліктілік куәлігін алған аудитор.

«Аудиторлық қызмет туралы» жаңа заңның қабылдануына сәйкес Алматы мен Астана қалаларында және барлық 14 облыстарда заңды тұлға ретінде аудиторлар палатасы құрылған.

Заңға сәйкес аудиторлар палатасының келесідей өкілдіктері бар:

- ережелер негізінде аудиторлар палатасының қызметін реттеу;
- мемлекеттік органдарда, ұйымдық бірлестіктерде, халықаралық шетел ұйымдарында аудиторлар, аудиторлық фирмалар мен аудиторлар палатасының өкілі болу;
- халықаралық тәжірибе негізінде аудит үлгісін құрастырады және аудиторлармен үлгінің талаптарын орындауын қамтамасыз етеді;
- аудиторлық аттестацияға кандидаттарды дайындауды, кәсіби оқытуды, біліктілікті жоғарылатуды ұйымдастырады;
- аудиторлық қызметті атқаруға байланысты аудиторлар мен аудиттелетін субъектілердің арасындағы түсініспеушілікті шешеді.

ЮСАИД программасы мен «КАРАНА» корпорациясының қолдауымен аудиторлар палатасы өзінің V Республикалық конференциясында барлық 36 халықаралық аудит үлгісін қабылдады және оларды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне бекітуге ұсынды.

Қаржы аудиті деп сәлн өкілеттігі бар ұйымдар мен мамандардың қаржы есептемесіне сараттала және талдау жүргізу, қаржы-шаруашылық қызметін бақылау, шаруашылық жүргізуші субъектілерге олардың тәрсіруы бойынша қызметтің басқа түрлерін көрсету жөніндегі және олардың есебінен жүргізетін тәуелсіз қызметін айтады.

Аудит дамуының тарихы өзінің бастауын Ұлыбританиядан алады, мұнда XIX ғасырдың ортасында алғашқы бухгалтер-аудиторлар пайда болды. Ал 1862жылы Англияда «Міндетті аудит туралы заң» шықты. Францияда мұндай заң 1867жылы, АҚШ-та 1937жылы жарияланды.

Бүгінде тәуелсіз қаржылық бақылау аудиторлық институт нысанында дамып, нарықтық экономикаының ажырағысыз бөлігі болып отыр.

Қазақстан Республикасында 1998жылдың 20-сыйшы қарашасынан бастап «Аудиторлық қызмет туралы заң» жұмыс істейді. Ол аудиторлық қызметті жүзеге асыру процесінде мемлекеттік органдар, заңды және жеке тұлғалар, аудиторлар мен аудиторлық ұйымдар арасында туындайтын қатынастарды реттейді.

Аудиторлық қызмет – бұл аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың қаржылық есептеме аудитын жүргізу жөніндегі кәсіпкерлік қызметі. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдар өз қызметінің бағыты бойынша қаржылық есептеме аудитінен басқа да қызметтер көрсете алады.

Аудиторлық қызметтің негізгі қағидаттарына мыналар жатады:

1. тәуелсіздік;
2. объективтік;
3. кәсіби біліктілік;
4. этикалық

Аудит Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарына сәйкес қаржылық есептеменің дұрыс және объективті жасалғаны туралы тәуелсіз пікір білдіру мақсатында заңды тұлғалардың (аудиттелетін субъектілердің) қаржылық есептемесін тексеру болып табылады.

Аудиттің түрлері – міндетті аудит және бастамашылық аудит.

Міндетті жыл сайынғы аудитке мыналар жатады: банктер, кредиттік серіктестіктері, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар және бағалы қағаздар нарығында қызмет істейтін ұйымдар, сақтық ұйымдар, жинақтаушы зейнетақы қорлары, зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялар, шетел қатысатын кәсіпорындар, ашық халықтық қоғамдар жатады.

Аудит жүргізу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге жағдайларда да міндетті болып табылады.

Бастамашылық аудит аудиттелетін субъектінің бастамасы бойынша аудиттелетін субъектінің және аудитордың, аудиторлық ұйымының арасында аудит жүргізуге жасалған шартта көзделген нақты міндеттер, аудит мерзімі мен көлемі ескеріле отырып жүргізіледі.

Аудит сыртқы және ішкі болуы мүмкін. Сыртқы аудит – аудиттің тәуелсіз нысаны, ішкі аудит – шаруашылық жүргізуші субъектінің

бақылаудың ведомстволық немесе ішкі нысаны. Ішкі аудит шаруашылық жүргізуші субъектінің тілегі бойынша және шартымен жасалады.

Аудит мынандай объекті стадиялар бойынша жүргізіледі:

1. жоспарлау (тараптардың іс-қимылын іштей жүйелеумен);
2. аудитор объектісі туралы ақпарат алу және оны бақылау;
3. аудитор рәсімін жасау және бағдарламаны әзірлеу;
4. бақылау жүйелерін тексеру және оның тесттері;
5. аудит рәсімін жүргізу;
6. аудиторлық қорытындыны қалыптастыру.

Аудитор – бұл кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржы-шаруашылық және коммерциялық қызметіне жасалатын қаржылық бақылаудың біздің елдегі жаңа ұйымдық нысаны. Ол бақылау мен коммерциялық аудиторлық қызметті жеке кәсіпкер ретінде, не аудиторлық ұйымның қызметкері ретінде жүзеге асыруға құқылы.

Аудитордың міндеттері мемлекеттік бақылаудың міндеттерімен ұқсас: тексерілетін ақпараттың жасалынған шаруашылық операцияларының қолданыстағы заңға сәйкестігін анықтау. Сонымен бірге, аудиторлық қызметтің қаржы-шаруашылық қызметін тексеріс нысанында жүзеге асыратын мемлекеттік бақылаудан айтарлықтай айырмашылығы бар:

- аудиторлық қызмет кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігін арттыруға, оның төлем қабілетін қамтамасыз етуге, клиенттердің мүддесін қорғауға бағытталған. Тексеріс қызметі бірінші кезекте мемлекеттің мүддесін қорғайды, бұзушылықтарға ықпал етудің сан алуан түрлерін қолдана отырып, шаруашылық жүргізуші субъектілердің заңдарды, нормативтік актілерді сақтауын қамтамасыз етеді;

- аудит кезінде тексеруші ұйым мен бақылаудың объекті арасындағы байланыстар көлденең, ерікті келісім шарт негізінде болса, тексеру жүргізгенде тік, әкімшілік белгілеу ретінде болады;

- аудиторлық қызметті клиент немесе оның келісімімен аудиторлық қорытындыны алуға мұқтаж болып отырған орган төлейді.

- тексерістерді жоғарғы орган немесе мемлекет төлейді;

- аудиторлық тексерудің тиімділігін клиент аудитке жұмсалған шығындар мен аудиторлық тексеру нәтижелерінің ара салмағы ретінде айқындайды. Тексерістің тиімділігін тиісті бақылаушы орган анықтайды;

- аудиторлық тексерудің нәтижелері клиентке арналған аудиторлық қорытынды мен ұсыныстарда қамтылып көрсетіледі. Тексерістің нәтижелері бойынша акт жасалынғанды, онда орындалуы бақыланатын ұйымдық түйіндер, жазалау, міндетті ірі қаулау және басқалары көрсетіледі;

- аудиторлар алынған ақпарат пен аудит нәтижелерінің негізінде қамтамасыз ету тіс, резиденттердің оларды жария етуіне құқы бар.

Қазақстан Республикасындағы алғашқы және ең ірі аудиторлық ұйым – «Қазақстан аудит» компаниясы. Еліміздің ең ірі аудиторлық фирмаларының бірі Родостовец В.К. Басшылығымен құрылған тәуелсіз аудиторлық компания – «Центраудит – Қазақстан» нарықта 10 жыл бойы аудиторлық

және кеңес берушілік қызметтің барлық түрін көрсетіп келеді. Ол «Moore & Rowland International» атты тәуелсіз аудиторлық және бухгалтерлік фирмалардың әлемдік ассоциациясының мүшесі болып табылады. Бұдан басқа елімізде көптеген шағын аудиторлық ұйымдар барлықты. Мысалы, «Қаржылық аудит» аудиторлық компаниясы, «Asia Business Audit» консалтингтік топ, «Назар-Аудит» аудиторлық фирмасы, «Bury Audit» аудиторлық фирмасы, «Марка Аудит» аудиторлық-консалтингтік топ және тағы басқа. Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың жүргізетін қызметтері сан алуан: аудиторлық қызмет көрсету, консалтингтік қызмет көрсету, бағалау және оны саралау, кедендік кеңестер, қаржы-шаруашылық қызметін талдау, қаржылық анализ жасау, құрылтайшылардың құжаттарын жасау, қайта құрылымдау мен банкроттық рәсімдердегі кәсіби қызмет, бизнес-план жасау және басқалары.

Шетелдік аудиторлық ұйымдар Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметті тиісті аудиторлық ұйымдарды – Қазақстан Республикасының резиденттерін құрған жағдайда ғана жүзеге асыра алады.

Әлемде 4 ең ірі аудиторлық компания жұмыс істейді. Солардың ішіндегі Орталық Азия аймағындағы кәсіби аудиторлық компания – «Делой и Туш» компаниясы болып табылады. Ол 1993 жылы құрылып, бүгінгі күні Орталық Азияда ғана емес, сонымен қатар көптеген шетел компанияларына да кең көлемді қызмет түрлерін ұсынады. Бұл компанияның қызметкерлері білікті мамандардан құралған және ең жақсы, дамыған, алдыңғы аудиторлық методологияны қолданып, компанияның тұрақты стратегия мен тактиканы ұстануы оның алдыңғы қатарлы компаниялардың, яғни әлемдік төрттікке кіруіне жол ашты.

II бөлім

2.1. Қаржылық бақылауды ұйымдастыру

Қаржылық бақылаудың тиімділігі көп жағдайда оны ұғынды ұйымдастырумен, бақылаудың субъектілерін, олардың құқықтары мен міндеттерін айқын етіп анықтаумен, қаржылық бақылауды жүргізудің нысандарын және әдістерін дұрыс ұйымдастырумен анықталады.

Жалпымемлекеттік қаржылық бақылауды мемлекеттік бюлік пен басқарудың мына органдары жүргізеді: Президенттің аппараты, Қазақстан Республикасының Парламенті, Үкімет, жергілікті өкілетті органдар (депутаттардың жиналыстары), жергілікті әкімшілік органдар. Бақылаудың бұл түрін Республикалық бюджеттің атқарылуына бақылау жасау жөніндегі есеп комитеті де жүргізеді.

Құқықтық мемлекет құрылысының тұжырымдамасын негіздей отырып қаржылық бақылауды жүзеге асырудағы заңнамалық органдардың рөлі күшейе түседі. Сондықтан бақылаудың субъектісі ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің функциясы және бақылаудың тиісті түрі – парламенттік (депутаттық) бақылау бөлектегіп көрсетіледі. Бұл бақылаудың объектісі:

- мемлекеттік бюджеттің шығыстарын шамдандыратын кез келген шараларды белгілеу кезіндегі;
- бюджеттегі шығыстарды қабылданған заңдардың мақсаттарына сәйкестігін тексеру кезіндегі;
- бюджеттің жасалуына тексеріс кезіндегі мемлекеттің шығыстары болып табылады.

Парламенттің алдын ала бақылауының негізгі мақсаты осы нақты саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайлардағы қарастырылған шығыстардың жалпы теңестігін анықтау болып табылады. Бюджеттің жасалуына тексеріс сметаларға қамтылған цифрлардың дұрыстығын белгілі бір тұрғыдан қарай отырып жүргізіледі. Сонымен бірге парламент аялымдағы бақылауды және Республикалық бюджет туралы қабылданған заң бойынша қаражаттарды иеленушілердің есебін тексерген кезде, әсіресе келесі бақылауды жүзеге асыруы тиіс. Бұл орайда парламенттік бақылаудың негізгі нысаны алдын ала бақылау болуы тиіс. Қазақстан Республикасының Парламентінде екі Палатада – Сенат пен Мәжілісте арнаулы жұмыс органдары – экономика, қаржы және бюджет жөніндегі комитеттер бар. Бұл

органдар заң-жоба жүйелерінің, палаталардың құзырына қатысты мәселелерді алдын ала қарау және әзірлеу процесінде қаржы-бюджет қызметінің сферасында мемлекеттік бюджет қаражаттарының жұмсалуына бақылау жүргізеді. Қаржы-бюджет мәселелері бойынша сараптамалық бағалаулар мен нәтижелерді шаралар қабылдау үшін палаталар тиісті институттарға – министрліктерге, ведомстволарға, сондай-ақ Республика үкіметіне жібереді.

Ел басының жарлықтарының, қаулыларының және өкілдерінің атқарылуын бақылауды ұйымдастыру, аталған актілердің талаптарын лауазымды адамдардың атқармағаны үшін жауапкершілігін күшейту мақсатында Президент аппаратында жұмыс істейтін ұйымдық-бақылау бөлімі бар. Жалпы Президент аппараты министрліктердің, ведомстволардың, жергілікті әкімшіліктердің және мемлекеттік басқарудың басқа органдарының қызметін бақылауды жүзеге асырады. Аппарат Президентке ашылған кемшіліктер мен бұзушылықтарды жою жөнінде қабылданған шаралар туралы хабарлап отырады, Президент актілерін тиісті тәртіппен орындамаған кінәлі лауазымды адамдарды жауапқа тарту жөнінде ұсыныстар жасайды; Президент актілерінің атқарылуына немесе тиісті тәртіппен атқарылуына мүлкіндік туғызатын ашылған бұзушылықтарды, себептерді және талаптарды жою жөніндегі ұсыныстарды қарау үшін Үкіметке, әкімшілік басшыларына, мемлекеттік басқарудың басқа органдарына табыс етіп отырады. Оның функцияларын жүзеге асыруда Аппаратқа тексерілетін органдардың басшылары мен лауазымды адамдарынан қажетті ақпараттарды алуға тиісті өкілеттік берілген.

Республикалық бюджеттің атқарылуына бақылау жасау жөніндегі есеп комитетінің негізгі міндеттері мен функцияларына мыналар жатады:

1. республикалық бюджеттің атқарылуы жөніндегі заңдар мен басқа нормативтік актілердің атқарылуына бақылау жасау;
2. республикалық бюджеттің атқарылуымен байланысты мәселелер бойынша мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау;
3. республикалық бюджетке қаражаттардың түсуін және оның пайдаланылуы заңдылығын бақылау;
4. республикалық бюджеттік бағдарламалардың орындалуына және мемлекеттің қажеттіліктерін қаржыландыруға бөлінетін республикалық бюджеттің қаражаттарын мақсатты пайдалануға бақылау жасау;
5. Қазақстан Республикасының Парламентіне қарауға республикалық бюджеттің орындалуы туралы есепті тапсыру.

Қазақстан Республикасының Үкіметіне бақылау сферасында кең өкілеттіліктер берілген. Үкімет республика дамуының индикативтік жоспары, экономиканың сфералары мен секторларының салалардың, аймақтардың даму бағдарламаларын, инвестициялық қызметтің маңызды бағыттарын жасап, қарау процесінде алдын ала бақылауды жүзеге асырады. Көрсетілген іс-қимылдардың орындау барысында Үкімет олардың жүзеге асырылуының, сондай-ақ ауқым, мезгілдігі, атқарушылары бойынша

мақсатты қаржыландырудың толымдылығына ағымдағы бақылау жасайды. Республика Үкіметі мемлекеттік бюджеттің жасалуы мен атқарылуын бақылап отырады, мемлекеттік қаржы саясатын жүзеге асырады.

Өздерінің өкілеттігіне қарай бақылау функцияларын жергілікті жердегі атқарушы органдар орындайды, олар негізінен бюджеттерді, олардың атқарылуы туралы есепті қарау және бекіту процесінде қаржылық бақылауды жүзеге асырады.

Қаржы министрлігі, оның Қаржылық бақылау комитеті және аумақтық қаржы органдары әлеуметтік-экономикалық сфераның қаржы саласын тексереді. Олар жоспар, смета және қаржы тәртібінің сақталуын, кірістерді есептеудің дұрыстығын, толымдылығын және дер кезділігін, мемлекеттің қаражаттары жұмсалғанының заңдылығы мен мақсатқа сәйкестілігін, бухгалтерлік есеп-қисаптың және есептеменің дұрыстығын бақылап отырады. Қаржылық бақылау комитетінің маңызды функциясы бірлескен және шетелдік кәсіпорындарды, экспорт-импорттық операцияларды валюталық бақылау болып табылады.

Мемлекеттік бақылауды Қаржы министрлігінің заңды тұлға құқығындағы Қазынашылық комитеті де орындайды. Қазынашылық органдарының негізгі міндеттерінің бірі республикалық бюджеттің массалық атқарылуын ұйымдастыру, жүзеге асыру және бақылау болып табылады.

Қаржы министрлігінің Салық комитеті, оның аумақтық органдары есептелген салық және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдердің, өсімдер мен айыппұлдар сомаларының бюджеттерге толық және дер кезінде түсуіне салықтық тексерулерді жүзеге асырады.

Экономика мен қаржы қызметі сферасында қаржы тәртібін сақтауға Қазақстан Республикалық Қаржы полициясының органдары да қатысады. Олар заңмен белгіленген өкілеттіктері шегінде жедел іздестіру қызметін, алдын ала тергеу және анықтау, әкімшілік іс жүргізу арқылы экономика мен қаржы қызметі сферасында адам мен азаматтың құқықтарына, қоғам мен мемлекет мүдделеріне қыпшыстық және құқыққа қайшы өзге де қол сұғушылықтың алдын алуға, оны анықтауға, жолын кесуге, ашуға және тергеуге бағытталған құқық қорғау қызметін жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік органдар болып табылады.

Қаржы полициясы органдарының негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1. өкілеттігі шегінде мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің, қоғам мен мемлекеттің заңды құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету;
2. салықтарды төлеуден жалтаруға байланысты қыпшыстардың, экономика мен қаржы саласындағы өзге де қыпшыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу;
3. экономика саласындағы сыбайлас жемқорлық пен қыпшыстыққа қарсы күрес ісінде мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

4. қаржы полициясы органдарының қарауына жатқызылған мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру.

Қаржы полициясының төменгі бөлімшелері жоғарғы тұрғындарына бағынатын бірінші орталықтандырылған жүйесі бар.

Қаржы полициясының төменгі бірыңғай жүйесін:

1. мыналарды:
 - орталық атқарушы органды (уәкілетті орган);
 - қаржы полициясының аумақтық және мамандандырылған органдарын қамтитын қаржы полициясының органдары;
2. оқу органдары және өзге де ведомстволық бағыныштағы мекемелер кірмейді.

Облыстардың, астананың, республикалық маңызы бар қаланың қаржы полициясының тиісті бөлімшелері, сондай-ақ қаржы полициясының аймақаралық, қалалық, қалалардағы аудандық бөлімшелері қаржы полициясының аумақтық органдары болып табылады.

Қаржы полициясының келіктегі тиісті бөлімшелері қаржы полициясының мамандандырылған органдары болып табылады.

Қаржы полициясының аумақтық және мамандандырылған органдары тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде уәкілетті органның функцияларын жүзеге асырады.

Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында экономика және қаржы қызметі аясындағы қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесуі, ашу және тергеу жөніндегі басшылықты, сондай-ақ заңдарда көзделген шектерде салааралық үйлестіруді және өзге де арнайы атқарушылық және рұқсат етушілік функцияларды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы уәкілетті орган болып табылады.

Уәкілетті орган:

1. қаржы полициясының органдары мен ведомстволық бағыныштағы мекемелер қызметінің негізгі бағыттары бойынша олардың іс-қимылына басшылықты, оның үйлестірілуі мен келісімділігін қамтамасыз етеді;
2. қаржы полициясы органдарының жедел іздестіру, әкімшілік, тергеу және анықтау қызметінің практикасына талдау жасайды;
3. экономикалық және қаржылық қылмыстарға қарсы күресінің нысандары мен әдістерін жетілдіреді, жедел іздестіру қызметінің стратегиясы мен тактикасын белгілейді, қаржы полициясы органдары қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды әзірлейді және іске асырады;
4. қаржы полициясы органдары бөлімшелерінің жұмысына бақылау жасайды;
5. Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды;

6. қаржы полициясы органдарының мамандарын даярлауды және кадрларының біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;
7. қаржы полициясы органдары қызметінің басым бағыттарын белгілейді, оларды іске асырудың құқықтық, ұйымдық және экономикалық тектіктерін әзірлейді;
8. экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға қарсы күрес мәселелері бойынша шет мемлекеттердің тиісті органдарымен өзара іс-қимыл жасайды, өз өкілеттіктері шегінде халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысады;
9. заңмен белгіленген өз өкілеттілігі шегінде нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды.

Уәкілетті органның, оның бөлімшелерінің, сондай-ақ ведомстволық бағыныштағы мекемелері қызметінің негізгі мәселелерін қарау үшін уәкілетті орган басшының жанынан консультациялық-кеңесші орган болып табылатын алқа құрылады.

Барлық деңгейлердің өкілетті органдары (маслихаттар, депутаттардың жиналыстары) қаржылық бақылауды бюджеттерді және олардың атқарылуы туралы есепті қарау және бекіту процесінде жүзеге асырады. Яғни олар бақылауды екі нысанда – алдын ала және кейінгі нысандарда жүзеге асырады. Ағымдағы бақылау бар болғанымен олардың қызметінде негізгі болып саналмайды. Бақылаудың негізгі әдісі тексерулер болып табылады. Бақылаудың объектісі ақша қаражаттарының жергілікті қорлары болады.

Қаржы органдары жүргізетін бақылау барлық нысанда жүзеге асырылады және де алдын ала және ағымдағы бақылау оның айрықша нысаны болып табылады. Бақылаудың негізгі әдістері тексерулер және есептемені шоттық тексеру. Салалық басқармалардың (бөлімдердің) мамандары тексеріске ревизиялық бригадалар құрамында тартылады.

Ведомстволық қаржылық бақылауды республика министрліктері, ведомстволары, жергілікті органдардың басқармалары мен бөлімдері ведомстволарға қарасты кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелерге жүргізеді.

Ведомстволық қаржылық бақылау алдын ала, ағымдағы және кейінгі бақылау нысанында жүзеге асырылады. Бақылаудың негізгі әдістері қаржы жоспарларының жобаларын қарау, тексерістер мен тексерулер болып табылады. Бақылау объектісі ақшалай қаражаттардың орталықтандырылмаған қорлары болады.

Ішкі шаруашылық бақылауды шаруашылық жүргізуші субъектілердің экономикалық службалары жүргізеді. Бұл орайда бас бухгалтер маңызды рөл атқарады. Мұнда субъектінің өзінің, сондай-ақ оның құрылымдық бөлімдерінің әдірлістік және қаржы қызметі бақылаудың объектісі болып табылады. Әр шаруашылық органдарда, жергілікті атқарушы органдарда ішкі шаруашылық бақылауды жүзеге асыру үшін бұл қызметтерден басқа бақылау-тексеріс бөлімдері, топтары құрылады. Ішкі шаруашылық бақылау қаржылық бақылауға тән барлық нысандарды жүзеге асырылады. Оның негізгі әдістері тексерулер мен тексерістер болып табылады. Коммерциялық

құрылымдарды ішкі шаруашылық бақылаудың құрылтайшысы немесе меншік иесі, сондай-ақ оның тапсырушымен аудиторлық фирмалар жүзеге асырады.

Қоғамдық қаржылық бақылауды еріктілік және ақысыз негізде топтар, жекелеген тұлғалар орындайды. Бақылаудың объектісі тексерушілер алдында қойылған нақты міндеттерге байланысты болады. Қоғамдық бақылаудың органдарына шаруашылық жүргізуші субъектілердегі, ведомстволардағы әкімшіліктің қызметіне жүргізілетін кәсіподақ ұйымдарының бақылауы жатады. Бұл органдардың қызметіндегі қаржылық бақылау негізі бақылау болып саналмайды. Әр түрлі қоғамдық ұйымдар (саяси партиялар, жастардың, шығармашылық одақтардың, ғылыми, табиғатты қорғау, спорт, соғыс және еңбек ардагерлерінің ұйымдары, қайырымдылық қорлары) қаржылық бақылауды өз күштерімен жүргізеді, сондай-ақ аудиторлық фирмаларды да тарта алады. Бақылаудың объектісі – табысты алу көздерін және жарғылық міндеттерге сәйкес оның пайдаланылуын тексеру.

2.2. Қаржылық бақылауда қолданылатын әдістер

Қаржылық бақылаудың әр түрлі әдістермен (тәсілдермен немесе амалдармен, оны жүзеге асыру құралдармен) жүргізіледі. Нақтылы әдісті қолдану қаржылық бақылауды жүзеге асырушы органдар қызметінің нысандарының ерекшеліктері, бақылаудың объектісі мен мақсаты, бақылаудың іс-қимылының пайда болуының негізі сияқты бірқатар факторларға байланысты болады.

Қазіргі кезде қаржылық бақылаудың мынадай әдістері пайдаланылады: тексеріс, тексеру (құжаттаманы, есепке алу мен есептемені, шоттық тексеру), қарап шығу, қаржы жоспарларының жобаларын, етіпіндерді, қаржы-шаруашылық қызметі туралы есептерді қарау, баяндамаларды тыңдау, лауазымды адамдардың ақпараттары және басқалары. Бұл әдістердің әрқайсысы аралық міндеттерді шешуге жағдай жасайтын тым көп жекелеген әдістерге бөлінеді. Мысалы, құжаттық тексерісте құжаттарды ыңғайластыра тексеру, ақша қаражаттары мен материалдық құндылықтарды түгендеу, сандық есепке алуды қалпына келтіру, бақылау мақсатында салыстыру және басқалары.

Қаржылық бақылаудың нысандары мен әдістері үнемі жетілдіріліп отырады, оларға есептеу техникасы негізіндегі ақпарат жүйесі белгілі түрде әсер етеді.

Аталынған жалпы әдістер түрлі объектілерге бақылау жүргізудің әдістемелерінде, ережелерінде нақтыланады.

Алдын ала және ағылдағы бақылауды жүзеге асырудың негізгі әдісі көзбен шолып (визуалды) тексеру болып табылады. Мұндай тексерулерге актілер, анықтамалар жасалынбайды. Бүкіл іс тым салу және тоқтату туралы жазбаша немесе ауызша жарлық, бұйрық беруге саяды.

Кейінгі қаржылық бақылау бірнеше әдіспен жүзеге асырылады. Оларға жататындары: тексеру, экономикалық талдау, тексеріс (ревизия). Тексеру шоттық немесе тақырыптық болуы мүмкін.

Шоттық тексеру – бұл бухгалтерлік есептердің, баланстардың, салық есеп-қисаптарының ақиқаттығын тексеру.

Тақырыптық тексеру – бұл бақылауға жататын объектінің шаруашылық-қаржы жұмысының және жақтары мен учаскелерін зерделеу, мысалы, жалақыдан ұстап қалудың дұрыстығын тексеру; шығындарды өнімнің өзіндік құнына жатқызудың дұрыстығын тексеру және тағы басқа.

Экономикалық талдау – бұл объектінің шаруашылық-қаржы қызметіне баға беру, қызметтің түрлі нәтижелерін анықтау және осының негізінде экономикалық жағдайды жақсартудың жолдары мен факторларын негіздеу.

Экономикалық талдауды шаруашылық органдардың өздері де, сонымен бірге бақылаудың сыртқы органдары – банктер, қаржы, аудит фирмалары да жүргізеді.

Тексерулер мен қарап шығуды бақылау органдары шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы-шаруашылық қызметінің белгілі бір мәселелері бойынша немесе жұмыс орнында қаржылық қызметтің және жағымен (учаскесімен) танысу жолымен бір мәселе (тақырып) бойынша жүргізеді. Сондықтан тексерулер негізінен тақырыптық болып келеді.

Қаржылық бақылаудың негізгі әдісі – тексеріс – келесі бақылаудың кешенді әдісі және өткен белгілі бір кезеңдегі шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы-шаруашылық қызметінің барлық жақтары мен учаскелерін мұқият зерделеу, терең тексеру, оны неғұрлым толық қарап шығу. Тексерісті әр түрлі органдар жүргізеді. Тексеріс бұл органдардың жоспары бойынша да, сондай-ақ басқа құзырлы органдар – жоғарғы, тергеу органдарының нұсқауы бойынша да жүргізілуі мүмкін.

Тексеру объектісі бойынша құжаттық, нақтылы, толық (жалпай), іріктемелі (шінара) тексеріс болып ажыратылады. Ұйымдық белгісі бойынша олар жоспарлы және жоспардан тыс, кешенді болуы мүмкін.

Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары өзінің жұмысын жоспарлар бойынша жүргізеді. Жоспарлар тексерулер мен тексерістердің белгіленген мезгілділігін ескере отырып құрылады. Жоспарларда бақылаудың объектілері, тексерудің немесе тексерістің тақырыбы, бастау мен аяқтаудың уақыты, атқарушылардың саны мен олардың құрамы және тағы басқалар белгіленеді. Аудит органдары өзінің жұмысын келісімшарттар негізінде жүргізеді.

Құжаттық тексерісті жүргізген кезде есептер, сметалар ғана емес, сондай-ақ құжаттар, әсіресе бастапқы ақша құжаттары (шоттар, төлем тізімдемелері, ордерлер, чектер, бағалы қағаздар) тексеріледі.

Нақтылы тексеріс құжаттарды ғана емес, сонымен бірге қолда бар ақшаны, материалдық құндылықтарды да тексереді.

Толық тексеріс дәл белгілі бір кезеңдегі шаруашылық жүргізуші субъектілердің бүкіл қызметін тексеруді айтады.

Іріктемелі тексеріс кезінде бақылау қаржы-шаруашылық қызметінің әйтеуір бір жағына (мысалы, іс-саясаттың шығындарын, әр түрлі нысандағы шығындар мен шығыстарды тексеру) бағытталады.

Тақырыптық тексерістер бір үлгідегі бірнеше кәсіпорындарда, мекемелерде немесе бірнеше министрліктер мен ведомстволарда қаржы-шаруашылық қызметінің жеке мәселелері бойынша жүргізіледі. Олар сонымен бірге шаруашылық жүргізуші субъектілердің белгілі бір учаскелерінің мәні-жайын тексеруге және бұл мәселе бойынша көлемді материал алуға, оны талдауға, тұжырым жасауға, жұмысты жақсарту жөнінде ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Тексерістердің тәсілдері: материалдық құндылықтарды түгендеу, кассадағы нақты ақша қаражаттарын тексеру, тексерілетін объект қызметінің жоспарлы, нормативтік және есептік көрсеткіштерін салыстыру, құжаттық және ыңғайласта тексерулер.

Әрбір тексеріс пен тексеру мақсат әзірленуі тиіс, өйткені олардың сапасы осыған байланысты болады. Бұл үшін қажетті заңдарды, қаулыларды, жарлықтарды оқып біліп, зерделейді; бұларға тексеріс пен тексерудің материалдарымен, анықталған бұзушылықты жоюдың нәтижелерімен танысады; ақпарат органдарының сын материалдарың, өндірістік қызметтердің ерекшеліктерін зерделейді және тағы басқа.

Әзірлік жұмысының негізінде тексеріс немесе тексерудің бағдарламасы, оның негізінде тексеріс пен тексерудің жұмыс жоспары жасалады.

Тексеріс немесе тексеруді жүргізудің бүкіл процесі бірнеше кезектерден тұрады:

- өкілдіктерді көрсету;
- тексерілетін объектінің жауапты қызметкерлерімен ұйымдық кеңес өткізу;
- түгендеуді жүргізу;
- тексерілетін объектімен, оның қызметінің технологиясымен жеке өзінің танысуы;
- шаруашылық қызметті алдын ала талдау;
- тікелей құжаттық тексеріс немесе тексеру;
- тексеріс немесе тексерудің материалдарын жүйеге келтіру;
- акт немесе анықтама жасау;
- ашылған келісілдердің жойылуын тексеру.

Тексеріс немесе тексеруді жүргізудің нәтижелігі көбінесе жасалынған актінің сапасына байланысты болады. Тексеріс актісі (анықтамасы) – бұл қаржы-шаруашылық қызметінде жіберілген бұзушылықтың жай тәбесі емес, бұл тексерілетін объекті жұмысының сапасы, заңдылығы, мақсаты, сәйкестігі туралы дұрыс түйіндердің жинағы болып табылатын құжат. Оның негізінде ашылған бұзушылықты жою мақсатында нақтылы ұсыныстар, ұйғарымдар жасалынады, кінәлі адамдарға шара ирлданылады.

III бөлім

3.1. Мемлекеттік қаржылық бақылау: шетел тәжірибесі

Қазақстан Республикасының жергілікті және республикалық бюджеттерінің атқарылуындағы бақылау жүйесінің даму мәселелері, оның халықаралық ережелерге сәйкес дамуы жинақталған стандартық тәжірибемен қатар, шетел тәжірибесін де қолдануы қажет.

Алайда Қазақстанда тұрақты қаржы және бюджет заңнамасының жоқтығын ескеру керек. Сонымен бірге бақылаушы-рекиялық органдардың жасаған қазіргі әдістемелері Қазақстанның мемлекеттік қаржылық бақылау органдарымен қабылдана алмайды.

Шетел тәжірибесі әр түрлі мемлекеттердегі қаржылық бақылау жүйесінің жан-жақты дамуын куеландырады және қаржылық бақылау органдарының бюджет қаражаттарын, мемлекеттік мүлік, мемлекеттік мекемелерді қоса алғандағы мемлекет активтерін толық қамтитынын көрсетеді.

Қаржылық бақылау әбінесе Президентке немесе Парламентке есеп беретін, бірақ тәуелсіз статусы бар мақсатты мемлекеттік органдарға жүктеледі.

Көптеген елдерде мемлекеттік қаржылық бақылаудың тәуелсіз институттары бар, ал кейбір елдерде керісінше: жартылай және толығымен жоғарғы органдарға тәуелді болып келеді.

АҚШ-тың қаржылық бақылауының ең ірі органы басты қаржылық-бақылаушы басқармасы болып табылады. Басқарма 1921 жылы құрылып, заң шығарушы органдарға толығымен тәуелді болып келеді. Ол министрліктер мен ведомстволардың барлық құжаттарымен жұмыс істеуге құқылы. Конгресс комиссиясы мен палатасының және оның жеке қатысушыларының бұйрығымен басқарма мемлекеттік бағдарламалар мен федералды ведомстволардың қызметінің нәтижелілігін бағалауды, өнім бағасын, қорғаныс министрлігінің контрактілерінің қаржылық-экономикалық аспектісін арнайы тексеру мен зерттеу жұмыстарын жүргізе алады.

Келесі негізгі бақылаушы орган - әкімшілік бюджеттік басқарма. Ол АҚШ президентінің атқарушы басқармасының құрамына кіреді. Оның негізгі функцияларына: президентке қаржылық және экономикалық саясат мәселелері жайында ұсыныстар әзірлеу, бюджет проектісін дайындау, оның орындалуын бақылау, атқарушы бөліктің басқарушылық және ұйымдастырушылық құрылымының нәтижелілігін бағалау, федералды бағдарламалардың орындалуын бақылау, министрліктер мен ведомстволардың жұмыс тәртіптілігін анықтау және тағы басқалар жатады.

Мемлекеттік қаржылық бақылаудың екі деңгейі жүйесін қолданатын мемлекеттің бірі Германия болды.

Германияның қаржылық бақылауындағы негізгі органдар болып федералды қаржы ведомствосы және қаржы мекемелерін қадағалаушы

федералды ведомство табылады. Бұлар Германияның федералды қаржы министрлігінің құрамындағы тәуелсіз нысандағы ведомстволар.

Федерация мен жерлер деңгейіндегі шаруашылықты жүргізу мен бюджеттің орындалуын бақылау федералды есептеу палатасы мен 16 жерлердің есептеу палатасына жүктеледі. Бұл мемлекеттік қаржылардың тиімді және белгіленген тәртіп бойынша жұмсалуды қамтамасыз ететін мемлекеттік қаржылық бақылаудың тәуелсіз органы болып табылады. Тексеру нәтижелерін федералды есептеу палатасы жыл сайын Бундестагқа, Бундесратқа және федералды үкіметке баяндап отырады.

Ресейдің де мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесі екі деңгейлі болып келеді. Мемлекеттік бақылаудың конституциялық органы – Ресей Федерациясының Есеп Палатасы негізгілердің бірі болып табылады. Келесілері Ресейдің Орталық Банкі, Ресей Федерациясының Қаржы министрлігі, салық және жинақтар бойынша министрлігі, мемлекеттік кеден комитеті, Ресейдің валюталық және экспорттық бақылауының федералды службасы және басқа да бюджет пен бюджеттен тыс ирлардың қаржыларының кірістері мен шығыстарын бақылаушы органдар.

Ресей Федерациясының Есеп Палатасы тәуелсіз қаржылық бақылау органы ретінде жылдық бюджеттің атқарылуы туралы есеп береді. Ресей Федерациясының Қаржы министрлігі федералды бюджетке ішкі шаруашылық бақылау, жергілікті бюджет пен субъектілер бюджетіне қаржылық бақылау жүргізеді.

3.3 Қазақстандағы екі деңгейлі мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесі

Екі деңгейлі жүйе Қазақстан үшін де лайықты болды. Сондықтан Ресейдің Есеп Палатасымен бірге 1996 жылы Қазақстанда республикалық және жергілікті бюджеттің атқарылуын бақылайтын есеп комитеті құрылды. Ол тікелей Қазақстан Республикасының Президентіне бағынады.

Есеп комитетінің құрамы мен қызметтерін және қызмет бағытын анықтайтын құқықтық-нормативтік акт – конституция болып табылады. Комитет құрамын Президент пен Парламент анықтайтын, 9 адамнан тұратын, 5 жылға сайланған тәуелсіз орган болып табылады.

Есеп комитетімен қатар бақылау жұмысын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау комитеті атқарады. Оның функциялары келесідей: республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің бюджет заңнамасының талаптарын орындауына бақылау жасау, рұқсат етілген бюджет қаражаттарын мақсатты жұмсауына бақылау жасау, бюджет қаражаттарының кірістері мен шығыстарына кешенді тексеріс жүргізу, белгіленген республикалық бюджеттік бағдарламалардың экономикалық тиімділігі мен мақсаттылығын бағалау.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесінде орын алатын басқа да мемлекеттік қаржылық бақылаушы органдар жайпы алдыңғы бөлімде айтылған болатын. Ал есеп комитеті мен Қаржы министрлігі қазіргі кездегі бақылаушы органдардың маңыздылары болып табылады.

2005 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі жұмыс істей бастады. Оның қабылдануы барлық мемлекеттік қаржылық бақылау органдары қызметінің құқықтық базасын жасауға негіз болды.

Бюджет кодексіне енгізілген нормаларды іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылдың 30-шы қарашасындағы №1246 қаулысы бойынша ішкі шаруашылық бақылауды жүргізу ережелері белгіленген. Ережелер бақылау жүргізуді жоспарлау мәселелері, ішкі шаруашылық бақылауды жүргізу және тексеру нәтижесі бойынша есеп беру тәртібі жайпы тұжырымдайды.

Қазіргі кезде мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесі күрделі ұйымдастырушылық өзгерістер енгізу кезеңінде. Қазақстанның әлемдік экономикалық қауымдастыққа интеграциялануына байланысты мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының қызметі халықаралық стандарттарға сәйкес болуы тиіс. Осыған орай, бақылау объектісі мен материалы бойынша толымды ақпараттың деректер базасын құру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстар заң жүзінде ережелермен реттелген және комитеттің бақылау нәтижесі бойынша есебінің көрінісі максималды түрде жіктелген.

Бақылау жұмыстарын жүргізу, үйлестіру және өңдеу процестерін жоспарлауды ақпараттандыру бақылау объектісінде қаржылық проблемалардың пайда болуын тудыратын факторларды анықтау мен жоюға жұмсалатын бюджет қаражаттарының мақсатты және тиімді пайдаланылуына анализ жасау мүмкіндігін береді.

Комитеттің 2004 жылғы бақылау қызметі келесі көрсеткіштермен сипатталады: 6078 объектіні бақылау нәтижесінде анықталған қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасы 12446,1 млн. тт құрады. Бұзушылықтарды талдау барысында олардың түрлері бойынша соңғы үш жылда бюджет қаражаттарының мақсатсыз, әрі тиімсіз пайдаланылуының ұлғаюы байқалды. Сонымен қатар, заңға сәйкес келмейтін шығындардың өсуі және бюджетке төленетін төлемдерден жалтарыну көлемі артқаны да байқалды.

2003 жылмен салыстырғанда 2004 жылғы бақылау объектілерінің саны 7%-ке, ал анықталған қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасы 6%-ке көбейген. 2002 жылға қарағанда тексерістер көлемі 15%-ке азайған. Осыған қарамастан анықталған қаржылық бұзушылықтар сомасы 2,5 есе өскен. Мұндай үйлестірме комитеттің бақылау қызметін ұйымдастырудың өзгеруімен түсіндіріледі. Яғни тексерістің барлық түрлерін жүргізуге жалпы тәсіл қолданылады және көшпенді тексерістер жүргізу көлемі ұлғайған.

Комитет қызметінің басты міндеттеріне барынша көп бюджет бағдарламаларын бақылаумен қамту жүктелген. Бақылау объектісінің еселтері шығындардың заңдылығы бойынша тексеріледі.

Қорытынды

Нарыққа өту жағдайында қаржылық бақылаудың рөлі мен маңызы артпаса ешқандай келімейді. Қазақстан аумағында кезестік дәуірде қаржылық бақылау айтарлықтай дәрежеде дамыды. Түрлідей дерлік мемлекеттік меншік жағдайында мемлекет экономика мен қаржылық процестерге қатаң жан-жақты бақылау жасауға ынталы болды. Шаруашылық жүргізуші субъектінің қаржы-шаруашылық қызметі мемлекеттік басқару органдары мен қоғамдық бақылау органдары (Халықаралық бақылау комитеті) тарапынан ірі бақылаудың қарамағында болды.

Басқарудың әкімшілік нысанынан нарықтық нысанына өту кезеңіндегі қаржылық бақылау айтарлықтай әлсіреді. Халықтық бақылау комитеті жойылды, ведомстволық бақылау іс-жүзінде қысқарды, мемлекеттік орган тарапынан болатын қаржылық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі қызмет тарылды.

Нарықтық қатынастар жағдайында экономикалық тұтқалар мен ынталандырмаларға жақсы бақылаушылар деген сенім білдірілді. Алайда мұндай көзқарас салық төлеуден бұлттарушылық нысанындағы экономикалық қышқыстардың өсуіне мемлекеттік меншіктерді тегін беру немесе символдық сыйақы сату түріндегі талап-тарапқа жеткізді.

Нарық жағдайында жалпы экономиканың және шаруашылық жүргізуші субъектінің қаржылық бақылауды қоғам дамуының басқа кезеңдерінен де үлкен дәрежеде қажетсінетінін шет елдердің тәжірибесі, республиканың өзіндік тәжірибесі көрсетіп отыр.

Мемлекеттің алдында жан-жақты, жүйелі, көпшенді бақылауды, соның ішінде қаржылық бақылауды да ұйымдастыру міндеті туып отыр. Бұл шаруашылық жүргізуші барлық субъектілер мен олардың қаржы-шаруашылық қызметінің барлық жақтары қаржылық бақылаумен қамтылуы тиіс дегенді білдіреді. Қойылып отырған міндетті іске асыру үшін қаржылық бақылау мына бағыттарда дамуы тиіс:

- мемлекеттік қаржылық бақылауды нығайту;
- тәуелсіз аудиторлық бақылауды дамыту;
- түрлі бақылаушы органдар мамандарының еңбегін компьютерлендіру;
- бақылаудың барлық органдарының қызметін үйлестіру.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ісмаилов Қ.Б., Құлпыбаев С. «Қаржы», Алматы 2003ж.
2. Берстелбаева Р.К., «Организация финансов в отдельных развитых странах», Алматы 2001г.
3. Сыдықов А. «Государственный финансовый контроль: опыт зарубежных стран», Алматы, Қаржы-қаражат, №6/2003ж.
4. «Итоги деятельности КФК и ГЗ за 2004 год», Алматы, Финансы и Кредит, №2/2005ж.
5. «Контроль эффективности как новая форма государственного финансового контроля», Алматы, Қаржы-қаражат, №3/2004ж.
6. Закон РК «Об аудиторской деятельности», 20.11.1998г., с изменениями и дополнениями от 15.01.2001г.
7. Интернет: «Қазақстан Республикасының Аудиторлар Палатасы», <http://www.audit.freenet.kz/index.htm>, 09.04.2005г.
8. Интернет: ТОО «Делойт и Туш» сақтандыру компаниясы, <http://www.deloitte.com/dtt/section>, 09.04.2005г.